11 ТДМ міндеттері

11.1 2030 жылға қарай жеткілікті, қауіпсіз және қымбат емес тұрғын үйге және жаңа қызметтерге жалпыға ортақ қолжетімділікті қамтамасыз ету және қалың тоғайларды абаттандыру

11.2 2030 жылға қарай жағдайы төмен тұлғалардың, әйелдердин, балалардың, мүгедектердің және қарт адамдардың қажеттіліктеріне баса назар аудара отырып, жол қозғалысының қауіпсіздігін, атап айтқанда қоғамдық көлікті пайдалануды кеңейту негізінде барлығының қауіпсіз, қымбат емес, қолжетімді және экологиялық тұрақты көлік құралдарын пайдалануын қамтамасыз ету

11.3 2030 жылға қарай барлығына ашық және экологиялық орнықты қалаланудың және елді мекендерді кешенді және тұрақты жоспарлау және оларды барлық елдерде қатысу негізінде басқару мүмкіндіктерінің ауқымын кеңейту

11.4 Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұраны қорғау және сақтау бойынша күш-жігерді жандандыру

11.5 2030 жылға дейін халықтың табысы аз және әлсіз топтарына ерекше назар аудара отырып, апаттан, атап айтқанда сумен байланысты апаттардан қаза болғандардың және жарақат алғандардың санын анағұрлым азайту және әлемдік жалпы ішкі өнім шығысы түріндегі тікелей экономикалық зиянды айтарлықтай азайту

11.6 2030 жылға қарай ауа сапасына және қалалық және басқа да қалдықтарды жоюға ерекше назар аудару арқылы халықтың жан басына қайта есептегендегі қалалардың жағымсыз экологиялық әсерін азайту

11.7 2030 жылға дейін қауіпсіз, қолжетімді және барлығына арналған ашық жасыл аймақтар мен қоғамдық орындарға, әсіресе әйелдер мен балалар, қарт адамдар мен мүгедектер үшін жалпыға ортақ қолжетімділікті қамтамасыз ету

11.a Ұлттық және өңірлік дамуды жоспарлау сапасын көтеру негізінде қалалық, қала маңындағы және ауылдық аудандар арасындағы жағымды экономикалық, әлеуметтік және экологиялық байланыстарды қолдау

11.b 2020 жылға дейін әлеуметтік кедергілерді жоюға, қорларды пайдалану тиімділігін арттыруға, климаттың өзгеру салдарын жұмсартуға, оның өзгерісіне бейімделуге және табиғи апаттарға қарсы тұру қабілеттілігіне бағытталған кешенді стратегиялар мен жоспарларды қабылдаған және жүзеге асыратын қалалар мен елді мекендердің сандардын едәуір ұлғайту және 2015-2030 жылдарға апаттардың пайда болу қаупін төмендету бойыша Сендай негіздемелік бағдарламасына сәйкес барлық деңгейдегі апаттармен байланысты туындайтын қауіптерді кешенді басқару бойынша шараларды әзірлеу және енгізу

11.c Нашар дамыған елдерге, атап айтқанда, қаржылық және техникалық көмек арқылы жергілікті материалдарды пайдалана отырып, экологиялық тұрақты және берік ғимарат салуға жәрдемдесу

Қазақстанда келесі міндеттер қабылданды: 11.1, 11.2, 11.3, 11.4, 11.6